	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ</b> <b>С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Фармацияның ұйымдастырылуы, басқарылуы және экономикасы және клиникалық фармация кафедрасы	Ғылыми кеңесшінің пікірі
		Редакция: 1 2 беттің 1

**6D074800 — «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Бақша қараот (*Portulaca oleracea* L.) өсімдігінен дәрілік құралдар жасаудың фармацевтикалық негіздемесі» тақырыбында диссертациялық жұмысты орындаған PhD докторант Меруерт Ильясовна Тлеубаеваға**

### ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ


Тлеубаева Меруерт Ильясовна 1994 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтының Фармация факультетін, 2016 жылы Қоғамдық денсаулық сақтау жоғарғы мектебін бітіріп, «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша Іскерлік әкімшілік магистрі дәрежесін иеленді. Фармация және техникалық және кәсіптік білім беру саласында тәжірибесін шындап, 2018 жылы С.Ж.Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина университетіне 6D074800 - «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша PhD докторантураға түсті. «Бақша қараот (*Portulaca oleracea* L.) өсімдігінен дәрілік құралдар жасаудың фармацевтикалық негіздемесі» тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізді, зерттеу нәтижелері жарияланымдарға берілді.

М. И. Тлеубаеваның диссертациялық жұмысының тақырыбы фармацевтика саласындағы өзекті мәселелердің бірі импорт алмастырушы дәрілік құралдарды жасау және өндіріске енгізу, соның ішінде өсімдік тектес дәрілік препараттар қатарын арттыру.

Докторант, ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу және диссертация жазу барысында жоспарлау, талдау және әдебиеттерге шолу жүргізу бағыты бойынша үлкен көлемді жұмыс атқарды. М. И. Тлеубаеваның докторлық диссертациялық жұмысының мақсаты - Бақша қараот (*Portulaca oleracea* L.) өсімдігін зерттеу, шикізатынан көмірқышқылды экстрактының технологиясын жасау және оның негізінде дәрілік құралдар жасаудың фармацевтикалық негіздемесі.

Диссертациялық жұмыстың аясында жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары КеАҚ «С.Ж.Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина университеті», ғылыми клинико-диагностикалық зертханасында; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің КеАҚ «Е.А. Букетов атындағы Қарағанды университеті» зертханасында; Алматы қаласы «Дәрілік препараттар өндірісі «ЖАНАФАРМ» ЖШС өндіріс алаңында; «Инфекцияға қарсы препараттардың ғылыми орталығы» АҚ; ҚР БҒМ ШЖҚ РМК «әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің» ШЖҚ еншілес мемлекеттік



	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ</b> <b>С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Фармацияның ұйымдастырылуы, басқарылуы және экономикасы және клиникалық фармация кафедрасы	Ғылыми кеңесшінің пікірі

кәсіпорын «Физико-химиялық зерттеу және талдау әдістері орталығы» «Биосфера экологиясы» зертханасында; Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қолданбалы химия институтының зертханасында М.И. Тлеубаевамен жеке орындалды.

М.И. Тлеубаева Бақша қараот (*Portulaca oleracea* L.). өсімдігі бойынша анатомо-морфологиялық, фитохимиялық зерттеулер жүргізіп, көмірқышқылды экстрактының ұтымды технологиясын жасап, қауіпсіздігі мен фармакологиялық белсенділігін анықтады.

Ізденуші дәрілік құралдарды жасау саласында ғылыми зерттеудің заманауи әдістерін, мәліметтерді өңдеуде тиісті компьютерлік технологияларды тиімді қолданды. Диссертация тақырыбы бойынша жүргізілген зерттеулердің қорғауға шығарылатын негізгі нәтижелерін қамтитын 13 ғылыми жұмыс жарияланды. 20.12.2020ж. Қазақстан Республикасының өнертабыстарының мемлекеттік тізілімінде тіркелген № 34777 «Бақша қараот шөбінен (*Portulaca oleracea* L.) көмірқышқылды сығынды алу тәсілі» өнертабыс патенті зерттеудің ғылыми жаңалығын растайды.

Тлеубаева Меруерт Ильясовна жеке жұмыс жоспарына сай қойылған міндеттерді уақытылы орындап, диссертациялық жұмыстың мақсатына толық жетті.

Ғылыми зерттеулерді жүргізу барысында докторант өзін аналитикалық ойлау қабілетіне ие, ғылыми зерттеуші қызметкерге тән қажетті тәжірибелік дағдылар мен құзіреттілікке ие маман екендігін көрсете білді.

Меруерт Ильясовна Тлеубаеваның ғылыми-зерттеу саласындағы құзіреттілігі, диссертациялық жұмыстың жаңалығы мен тәжірибелік маңызы алынған зерттеу нәтижелеріндегі автордың жеке үлесін, зерттеу тақырыбының мақсаттары мен міндеттерінің толық орындалғанын растайды және 6D074800 — «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденуге лайықты деп санауға мүмкіндік береді.

Ғылыми кеңесші  
 фарм. ғ. докторы, профессор \_\_\_\_\_



Датхаев У.М.